

ӘОЖ 81.367.3

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕГІ ЭКСПРЕССИЯ

Сайлауова Гүлім Даниырқызы

gulim-sailauova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.А. Жақыпов

1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» атаулы сөйлемді жай сөйлемнің бірі болғанымен оның бірде бір түріне ұқсамайтыны, сонымен қатар атаулы сөйлемде баяндау қасиетінің болмай, сөйлемде тек интонация, оқиғаның, құбылыстың шындық өмірге, шаққа қатысы сияқты сөйлемге тән айрықша белгілері болады деп берілген [1, 130 б.]

2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» атаулы сөйлемнің экспрессиясын ойға оралтатын мынадай тұжырымдар бар: «Атаулы сөйлемдер арнаулы коммуникативтік мақсаттың қажетімен қалыптасқан. Бұл сөйлемдер төңіректі, жағдайды үнемді жолмен суреттеу үшін және пікірді эмоциялы етіп білдірудің амалы ретінде жұмсалады. Жұмсаулына қарай атаулы сөйлемдерді үш топқа бөлуге болады: 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер, *Түн. Шалқыған ай*; 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер. *Күлуін!* 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. *Қаңғыған неме! Өркенің өскір!»* [2, 675] Осы тұжырымдағы «коммуникативтік мақсаттың қажеті» дегеннен экспрессияның да коммуникативтік мақсаттан тыс тұрмайтыны ойға келеді. Сол сияқты «суреттеу, эмоциялы етіп білдіру амалы» дегендер экспрессиямен тікелей байланысты. Сондай-ақ жұмсалыуына қарай жіктеулері (бейнелеу, сөгіс, тілек мағыналы, эмоциялы атаулы сөйлемдер) экспрессивтіліктің белгілері болып саналатын сияқты.

Атаулы сөйлем, негізінде, хабарлау интонациясымен, кейде көтеріңкі, лептік интонациямен айтылады. Бірақ интонацияның қай түрімен айтылса да, атаулы сөйлемдегі

интонациялық рең тұрлаулы мүшелері бар басқа сөйлемдердің хабарлы не лептік интонациясына сәйкес келмейді, дауыс ырғағында қандай да бір өзгешелік сезіліп тұрады. Мысалы: *Дала. Егін даласы. Егін даласы рахат құшағында* (Әбішев). Алғашқы екі сөйлемнің айтылу әуені соңғы сөйлемнің айтылу әуенінен басқаша екені анық сезіледі. «Дала.» дегендегі атаулы сөйлем қалпындағы айтылуын оның бастауыш не баяндауыш қызметін атқарып тұрғандығымен немесе диалог жағдайында толымсыз сөйлемнің баяндауышы болып тұрған қалпымен салыстырсақ, дауыс әуенінде өзгешелік байқалады: баяндауыш қызметін атқарғанда (Бұл – дала. Мынау не? Дала.), *дала* сөзі дауыс қарқынының бәсеңдеуі жағдайында айтылып, тиянақты интонацияға ауысады, бастауыш қызметін атқарғанда (Дала – мидай жазық.), көтеріңкі әуенмен айтылып интонация жағынан тиянақсыз болады. Қаратпа сөз ретінде келгенде (Тыңда, дала, Жамбылды!), ол қаратпа сөзге лайық әуенмен айтылады. *Дала* сөзінің атаулы сөйлем болып тұрғандағы әуені баяндауыш қызметіндегі әуеннен гөрі сәл көтеріңкі болады да, жеке сөздің өзін айтқандағы әуенге жуықтайды.

Атаулы сөйлемдердің негізгі белгілері турасында айтатын болсақ, ғалым Ғ.Мадина оларды былай ұсынады:

- атаулы сөйлемнің грамматикалық формасының атау тұлғалы болуы;

- негізгі форманың зат есім болуы;

- құрамындағы басқа сөздердің тек есімге ғана ұйыса алатындығы;

- мағынасы негізінен зат есім арқылы белгілі құбылыста, белгілі қалыпта соны көріп не елестетіп тұрған жағдай да, реалды, нақты бар факт екенін тұжырымдау, хабарлау кейде оған эмоциялық қатынасты да білдіру болатыны, экспрессивті болып келгендігі әр түрлі модальдік міндеті;

- шақтық мәні тек контекстен ғана білінетіні;

- жаққа бейтараптығы [3].

Р. Әміров атаулы сөйлемдер коммуникативтік мақсатта қалыптасқан дей келе, жұмсалыуына қарай олардың үш түрін атап көрсетеді: 1. Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер: *Түн. Шалқыған ай. 2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер: Күлуін. 3. Сөгіс, тілек мәнді атаулы сөйлемдер: Қаңғыған неме! Өркенің өскір!*

Осы белгілердің негізінде атаулы сөйлемдерді өз ішінде мынандай топтарға саралауға болады: бұрыннан сөйлем ретінде танылып жүрген қалыпты атаулы сөйлемдер; сөйлем ретінде танылмай жүрген атауыштық мағынадағы сөздер мен сөз тіркестерінен жасалған сөйлемдер. Соңғысының өзін «түсінік атаулы», «тақырып атаулы» деп екіге жіктеген жөн деп ойлаймыз.

Қалыпты атаулы сөйлемдер белгілі бір зат, оқиға, құбылыс, көрініс туралы айтылатын ойдың атын атайды да, олардың сөйлемдік белгісі контексте, басқа сөйлемдерден интонация арқылы бөлініп, жекеленіп айтылуы арқылы көрінеді. Біз ғалым А.Әбілқаевтың ізімен бұларды өз ішінде мынандай үш түрге топтастырып отырмыз:

1. Мекен атаулылар: *Астана. Есіл. Мәдени-демалыс паркі. Бірін-бірі мерекемен құттықтаған халықтан ине шаниар жер көрінбейді* («Жастар әлемі»).

Бірінші мысалдағы бірінші, екінші атаулы сөйлемдерге арқау болатын сөздер атау септік тұлғасындағы бір сөзден жалқы есімдерден жасалса (Астана, Есіл), сол бірінші мысалдағы үшінші сөйлем сөздер тіркесінен келген жалпы есім (Мәдени-демалыс паркі). Бұлар өзінен кейін келген мүшеленетін сөйлемдегі болып жатқан іс-әрекеттердің мекендік орнын білдіріп, кейінгі сөйлемнің негізінде белгілі бір ой-ақпарат жүгін арқалаған.

2. Мезгіл атаулылар: *1919 жыл. Қалаларда отын, тас көмір, мұнай жоқ, суықта тоқтап жұмыссыз завод, фабрикалар тұрады* («Жұлдыз»).

Бірінші мысалдағы атаулы сөйлем сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы жасалып, соңғы мүшеленетін сөйлемдегі іс-әрекеттің қай жылы болғандығынан хабар береді.

3. Құбылыс (зат) атаулылар: *Боран. Далада тірі пенде жоқ* («Жұлдыз»).

Бұл мысалдағы атаулы сөйлем өзінен кейін келген сөйлемдегі жүзеге асып жатқан іс-әрекетпен жарыса болып жатқан табиғат құбылысынан хабар беріп тұр.

Осы жерде ғалым Ж.А.Жақыповтың қалыпты атаулы сөйлемдер жөніндегі өзіндік бөлек көзқарасы барлығын айтып өткен жөн. Ғалымның пікірінше, егер атаулы сөйлем деп атап жүрген сөз я сөз тіркесі өзін қоршаған сөйлемдермен сабақтастық қатынаста, мағыналық байланыста тұрса, ол сөзді я сөз тіркесін өзі қатысты сөйлемнің ажырату, айрықшалау арқылы актуалданған мүшесі деп тану синтаксистік құрылысқа «жан бітіреді», синтаксистік құрылысты коммуникативтік құрал ретінде көрсетуге мүмкіндікті кеңейтеді. Салыстырыңыз: *Түн. Бір адам аяңдап келе жатыр. — Түнде бір адам аяңдап келе жатыр...* Егер контекстегі өзімен көршілес сөйлемдермен салаластық қатынаста, мағыналық жарыспалық сипатта тұрған «есімше — зат есім» үлгісіндегі атаулы сөйлемді контекст ықпалын ескеріп (контекст болмаса, ондай сөйлем сөз тіркесі ғана), сөйлемнің ерекше бір түрі ретінде түсіну оның семантикалық сипатын ашып, коммуникативтік қызметін айқындай түсер еді. Ж.Жақыпов бұндай сөйлемдерді статикалық жай-күйді баяндайтындықтан, шартты түрде «қалыптық сөйлем» [4, 146] деген терминмен атауды ұсынады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, осы кезге дейін сөйлем ретінде танылмай жүрген атауыштық мағынадағы сөзден не сөз тіркестерінен жасалған құрылымдарды өз ішінде «түсінік атаулы», «тақырып атаулы» деп топтап, атаулы сөйлемнің қатарында мүшеленбейтін сөйлемдер ретінде беріп отырмыз. Өйткені бұлар да қалыпты атаулы сөйлемдер сияқты атауыштық тұрғыда контекстің негізінде ақпараттық жүк көтеретіндей қасиетке ие бола алады.

Қазақ тіл білімінде осындай құрылымдарға алғаш көңіл аударған зерттеуші-ғалым О.Төлегенов «түсінік атаулы» деген термин қолданбаса да, олардың қалыпты атаулы сөйлемдерден өзіндік ерекшелігі бар екеніне назар аударады. Ғалымның ойынша, лепті мүшеленбейтін атаулы сөйлемдер зат, болмысты хабар мағынасында суреттей білдіретін атаулы сөйлемдер емес, эмоциялық мағынада сипаттай білдіретін атаулы сөйлемдер болады. Хабар-суреттеме мәнді сөйлемдер сияқты атау тұлғалы жалқы, жалпы зат есімдерден жасалады. Олардың мазмұны бірде сөйлеу барысында айрықша назар аударылған не еске түсірілген зат, болмысқа, бірде бұрын айтылған баяндаулардың қорытындысына не салдар-себебіне негізделеді. Мысалы: *...Олар өзге жерде емес, Москваның қасында тұр... Москва!..... Базаралы! Қазақта жалғыз қимас, бел арыстай көрген, бұл өңірдегі ең қымбат жан еді* [5, 70]. *Мұндағы Москва! Базаралы!* сөйлемдері айтушының сүйсіну, көксеу, қынжылу тәрізді эмоциялық қатынас арқылы белгілі бір хабар беріп тұр.

Л.А.Майорованың түсінік атаулыны сөйлемнің кесіндісі ретінде қарастыратыны байқалады. Оның ойынша, бұлар, біріншіден, болмыстық мағынасы жоқ, екіншіден, коммуникативтік қызметте жұмсалмайды, үшіншіден, соңғы сөйлемсіз өмір сүре алмайды, төртіншіден, предикаттық интонациясы болмайды [6]. Зерттеуші бұл түзілімдерді өз ішінде «түсінік атаулы», «тақырып атаулы» деп екіге жіктейді.

Ал В.Г.Адмони, В.В.Масалитин, З.К.Тарланов сияқты зерттеушілер бұларды сөйлем ретінде таниды. В.Г.Адмони түсінік атаулыны атаулы сөйлемнің ерекше түрі, тыңдаушыға сол ұғым жөнінде түсінік туғызатындай хабар бере алатын, өзіндік жеке интонациясымен дербестенетін коммуникативтік бірлік деп есептесе [7], В.В.Масалитин *1. Поезд останавливается. Москва. Казанский вокзал; 2. Москва!..Как много в этом звуке для сердца русского слилось!* деген атаулы сөйлемдер қатысқан екі сөйлем бере отырып салыстырады да, бірінші мысалда заттың немесе ақиқаттық болмыстығы, екіншіде — зат немесе құбылыс туралы сөйлеушінің санасындағы түсінігі бар атаулы сөйлемнің екі түрі деген ой түйеді [8].

Байқап отырсақ, түсінік атаулының мақсаты — әңгімелесушіні ойландыру, оған аталған заттың, құбылыстың қасиеті мен рөлін түсінуіне түрткі болу. Осы тұрғыдан ол қалыпты атаулы сөйлемдерге ұқсас. Дегенмен, түсінік атаулы қалыпты атаулы сөйлемге қарағанда беретін мағынасы жағынан едәуір кең, мұнда эмоционалды контекстің маңызы өте зор. Түсінік

атаулыдағы экспрессивтік қызмет оқырманды кейіпкердің немесе автордың философиялық ой-толғауына енгізу; маңызды жеке немесе тарихи оқиғаларды еске алуда қолдану; алдында айтылып кеткен сөйлемдегі негізгі ойды білдіретін сөзді қайталау; экспрессивті бастама жасау. Түсінік атаулыны көбіне жалпы немесе ауыспалы мағынадағы заттық ұғымы жоқ, дерексіз сөздер, жалқы есімдер жасайды да, өзінен кейінгі сөйлемде әңгіме болатын затты тек атап қана қоймай, тыңдаушының зейінін сол аталған затқа аударады. Мұндай құрылымның бірінші бөлігінде зат не кісі есімі аталады, ал тыңдаушы сол зат не кісі жайында айтылатын мағлұматты сөйлемнің келесі бөлігінен алмастан бұрын, аталған заттың не кісінің образын көз алдына келтіреді. Осындай ой-пікір айтуымызға мына бір тіл деректері жетелей түсті.

1. — *Бақыт!* — деді Мирон Андреевич. — Бақытты өлім! Маған бұдан басқа ештеңе керек емес (С.Е.).

2. Алатаудың бауырында, көп ағаштың ішінде, ағын судың жағасында Мәриям тұр. *Бақытты, қуанышты Мәриям!!..*

3. *Ақиқұнақ шал Кузьмич...* Абан қаза тапқаннан кейін мені іздеп келіп, екі баламен орманнан алып шыққан сол еді... (Т.А.).

Бірінші мысалда автор оқырманды Мирон Андреевичтің «бақыт» жайындағы ой-толғауы арқылы философиялық ойлауға шақыратын тәрізді. Екінші мысалдың бірінші компонентіндегі Мәриямның бейнесі соңғы компонент арқылы айқындала түседі. Бұл екі сөйлем де көтеріңкі интонациямен ерекшеленеді. Үшінші мысалда көз алдымызға *шал Кузьмичтің* образын елестетеміз де, ол туралы хабарды екінші сөйлемнен аламыз.

Жоғарыдағы мысалдардың негізінде түсінік атаулы сөйлем қалыпты атаулы сөйлемге қарағанда орны еркін, әрі экспрессивтік реңкі басым болады деген ойға келеміз.

Атаулы сөйлемнің бұл екі түрінен басқа тыңдаушыға кейінгі сөйлемнің мазмұны не туралы екенін алдын ала хабарлау мақсатында қолданылатын сөйлемдер де кездеседі. Түркітанушы-ғалымдардың пікірінше, тақырып жазылып, одан соң оның мазмұны берілген жағдайда ғана ол атаулы сөйлем болады. Атаулы сөйлем болу үшін сол арқылы тек аталып көрсетілген құбылыс, болмысты әрі қарай баяндайтындай, мазмұнын ашатындай басқа сөйлемдер немесе контекст болу керек. Ғалымның анықтамасынан біз зерделеп отырған сөйлемдеріміз жөнінде пікір айтып отырғанын байқау қиын емес. Дегенмен, түркі тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде мұндай құрылымдарды сөйлемнің үзіндісі ретінде қарайтын да көзқарас орын алған.

Осындай көзқарасты қолдаушы ғалым Н.Х. Демесінованың пікірін келтіре кетейік: «Қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде белгілі бір сөйлем мүшесі айрықша бөлініп, даралана көрсетілетін экспрессивтік конструкциялар даму үстінде. Бұл тәріздес синтаксистік экспрессияның маңызды құралы интонация және сөйлеу бөліктерінің әредік әртүрлі қайталануларымен қабаттаса орналасуы болып табылады. Қазіргі публицистикалық стильде, газет тілінде атау тұлғалы зат есімнен жасалған бастауыш сөйлем құрамынан бөлініп, ерекше интонациямен жеке қолданылатын синтаксистік конструкциялар өзіне назар аудартады. Ол (бастауыш) кейінгі сөйлемде есімдік түрінде беріле отырып, мазмұн предметін белгілейді. Бастауыштың бұлай бөлініп берілуі оның экспрессиялануына жол ашады» [4, 133] деген пікірін бағамдасақ, соңғы сөйлемнен бөлініп қалған сегмент ретінде танығанын көреміз.

Сонымен, атаулы сөйлемді көбінесе шығармада оқиғаны, құбылысты суреттеу, сипаттау мақсаты қойылғанда қатысатын, сол үшін қызмет атқаратын мүшеленбейтін сөйлемнің ерекше түрі деп танымыз да, «түсінік атаулы», «тақырып атаулы» деген терминдермен аталып жүрген құрылымдарды да атаулы сөйлемнің бір түрі ретінде қарастыруды жөн санаймыз. Өйткені бұлардың да атаулы сөйлемдер сияқты әңгімеленбекші болып отырған оқиғаға, шындық болмысқа қатысы бар. Бұл ойымызға мына салыстырмалы тіл деректері айғақ бола алады:

1. Қалыпты атаулы сөйлемдер:

Түн. Тастай қараңғы. Қар сабалап жауып, жел ышқынып соғып тұр екен. Жат жер. Қылшылдаған қыс. Қатпар-қатпар қарлы таулар. Қалың түскен қар астында қатып жатқан жерге күрек жүзі батпайды-ау, батпайды-ау (Ә.Н.).

2. Түсінік атаулы:

Қайран Шолпан! Қазақ қыздарынан шыққан бірінші ақын еді (Т.К.). Нан! Нан үшін жұрт не қылмай жатыр... (Б.М.).

3. Тақырып атаулы:

Маскүнемдік... Онымен күресудің жолы қайсы? Ұрылар жайлаған ауыл... Қылмыскерлер неге жазаланбайды? Еріксіз күңдікке түскендер... Олар кімдер: жәбірленушілер ме әлде жезөкшелер ме? (Газет материалдарынан).

Осы үш топтағы құрылымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына назар аударып көрейік. *Ұқсастықтары:* 1) тірек сөздері атау тұлғасындағы зат есімдер мен субстантивтенген есімше; 2) бұлардың үшеуінің де әңгімеленбекші болып отырған оқиғаға, шындық болмысқа қатысы бар. *Түн, Көкшетау, Шолпан, нан,* тағы басқалар тіліміздегі белгілі бір ұғымды білдіретін атау ғана болып тұрған жоқ. Сонымен бірге бұл жерде сол мағыналардың осы сөз болып отырған оқиғаларды суреттеуге тікелей қатысын да көрсетіп тұр. Демек, бұл құрылымдар оқиғаны, құбылысты белгілі бір жағдаятқа байланысты атайды және оның мағынасы өзінен кейінгі сөйлемдердің мағынасымен сабақтас болады, өйткені кейінгі сөйлемдер қалыпты атаулы, түсінік атаулы, тақырып атаулы сөйлемдерде атап қана көрсетілген оқиғаның нақты өзін баяндайды, мазмұнын ашады, бұл құрылымдардың не себепті қолданылып тұрған мақсатын көрсетеді; 3) өзіндік интонациялары бар; 4) шаққа қатынасы жағынан бұл құрылымдар осы шақтағы құбылыс, болмысты білдіреді; 5) қалыпты атаулы сөйлем де, түсінік атаулы да, тақырып атаулы да дара сөзден де, сөз тіркесінен де жасалады; 6) бұлардың барлығы контекске бағынышты; 7) атаулы құрылымдардың тілде қолданылу аясы тар. Бірақ оқиғаны ықшамды, тартымды етіп беруде бұлардың маңызы ерекше; 8) тұрлаулы мүшелерге талданбайды. *Айырмашылықтары:* 1) үш топтағы құрылымдардың интонацияларында қандай да бір өзгешелік бар. Қалыпты атаулы сөйлемге, негізінен, хабарлау интонациясы тән. Түсінік атаулы құрылымдар ерекше лепті интонациямен айтылады. Тақырып атаулы құрылымдарда өзіне тән айырым хабарлау интонациясы бар. Қалыпты атаулы сөйлем мен тақырып атаулы түсінік атаулыға қарағанда экспрессия жағынан солғындау; 2) атаулы сөйлемде заттың немесе құбылыстың ақиқат болмыстығы көрініс тапса, түсінік атаулыда тыңдаушының зейінін аталған зат немесе құбылысқа аудару, ал тақырып атаулыда кейінгі сөйлемнің мазмұны не жайында екенін алдын ала хабарлау алға шығады; 3) қалыпты атаулыдағы мақсат – іс-әрекетті мезгілдік, мекендік, заттық жағынан айқындау; түсінік атаулыдағы мақсат – әңгімелесушіні ойландыру, аталған заттың, құбылыстың қасиеті мен ролін түсінуге түрткі жасау; тақырып атаулыдағы мақсат – тақырып жөнінде тыңдаушыға ой салу; 4) түсінік атаулы мен тақырып атаулыда эмоционалды контекстің маңызы өте зор; 5) тақырып атаулы публицистика жанрына тән, сөздер нақты, деректі, тура мағынасында жұмсалады; 6) түсінік атаулыда көбінесе дерексіз сөздер мен жалқы есімдер қолданылады.

Тілдегі экспрессия жайында ғалым Б.Қ. Момынова былай деп тұжырым жасайды: «Көркем шығарма тіліне талдаулар жасауды шындап қолға алған лингвистер кейінгі жылдары жаңа шығармашылық табыстарға қол жеткізуде. Сондай соңғы жетістіктердің бірі – сөз бейнелілігінің уәжділігі жөніндегі ғылыми пайымдаулар. Бейнелі немесе көркемдеуіш сөздер, экспрессиялық бояуы бар сөйлемдер – әр жазушының стильдік тұғырын айғақтайтын тілдік категориялар. Экспрессиясы бар сөйлемдердің тілдік қорымызда мол екендігі экспрессиясы жоқ я болмаса экспрессивті емес сөйлемдермен салыстырылғанда анық көрінеді. Сондай құбылысты атаулы сөйлемдерден байқауға болады. Атаулы сөйлем – көбінесе көркем шығармаларда оқиғаны, құбылысты суреттеу, сипаттау мақсаты қойылғанда, қатысатын, сол үшін қызмет атқаратын жай

сөйлемнің ерекше түрі [4, 182] Атаулы сөйлемдерде экспрессияны біз негізінен интонация, тыныс белгілері арқылы ажыратамыз. Мысалы: *Сүттей жарық айлы түн. Таң әлі жоқ* (М.Әуезов). Осы мысалдағы сөйлем *Сүттей жарық айлы түнде таң әлі жоқ* деп берілсе, бұл сөйлемнен экспрессиядан гөрі тек хабар беру мақсаты байқалады. Келтірілген мысалдағы атаулы сөйлемді бір сөйлемге біріктіріп көрсек (*Сүттей жарық айлы түнде таң әлі жоқ*), ондай сөйлемде экспрессия болмайды. Біз тек ақпар беру мақсатындағы хабарлы сөйлемді, яғни экспрессия жоқ сөйлемді байқаймыз. Ал дәл осы сөйлемді бөліп, парцеляция түрінде беріп көрсек, парцеляцияға айрықша екпін түсіп, онда ақпармен бірге бейнелілік, яғни экспрессия беріледі. Анығырақ айтсақ, мысалдағы сөйлемді атаулы сөйлем (*Сүттей жарық айлы түн. Таң әлі жоқ*) ретінде қолданып жеке алсақ, оның бейнелеуіш қызметі, экспрессиясы айқын көрінеді. Атаулы сөйлем ретінде қолданылғанда жеке бөлшек, парцеляциядағы берілген ақпардың бейнесі бірден көзге түсіп, сөйлемнің экспрессиясы беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды зерделей отыра, мынандай тұжырым жасауға болады:

Атаулы сөйлем деп затты, құбылысты атай отырып, болмысты білдіру, хабар беру, сонымен қатар құбылысты бейнелі етіп суретту функциясында қолданылатын мүшеленбейтін сөйлемнің түрін айтамыз. Атаулы сөйлемнің негізгі белгілері мыналар:

құрамы бір сөзден немесе сөз тіркестерінен жасалып, атау тұлғасында келеді;

құрамындағы тірек сөздері бастауышқа да, баяндауышқа да сай емес, яғни тұрлаулы мүшелерге талданбайды;

атаулы сөйлем өзінен кейін міндетті түрде мазмұнын ашатындай басқа сөйлемдердің келуін талап етеді, яғни контекстке тәуелді;

өзіне тән хабарлау, сонымен бірге лепті интонацияға ие болып, айтылуында дауыс ырғағында өзгешелік сезіліп, сөйлемдегі экспрессияны білдіре алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967. – 234 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. 784 б.
3. Мадина Ғ. Номинатив сөйлем // Қазақстан мектебі. — 1973. — № 2. — 91-б.
4. Жақыпов Ж.А. Контекстуалдық синтаксис. Монография. – Нұр-сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – 284 б.
5. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. — Алматы: Мектеп, 1968. — 169 б.
6. Майорова Л.Е. Именительный представления и именительный темы как явления экспрессивного синтаксиса. — Л., 1984. — С. 9–19.
7. Адмони В.Г. О двусоставности предложения // УЗ I ЛШИИЯ. Вопросы грамматики и лексикологии. — Л., — Вып. 2. — С. 147.
8. Масалитин В.В. «Именительный представления» и номинативные предложения // Вестн. ҚазНУ. — Сер. филол. — 2004. — № 3 (75). — С. 114